

"Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығына өзгерістерді енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 5 маусымдағы № 200-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 7 маусымда № 32709 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидалар:

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Тауардың шығу тегіне сараптама жүргізу үшін тауардың шығу тегіне сараптама жасауға өтінішпен бірге ішкі айналымға мынадай құжаттар ұсынылады:

1) өтінім берушінің заңды мәртебесін растайтын құжаттар (заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (куәлік), заңды тұлғаның филиалын немесе өкілдігін мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, заңды тұлғаның филиалын немесе өкілдігін мемлекеттік тіркеу туралы ереже, жеке кәсіпкерлер үшін – жеке кәсіпкердің тіркеу құжаты) жылына 1 (бір) рет ұсынылады;

2) тауарды сатып алуды растайтын құжаттар (егер өтініш беруші мәлімделген тауарды өндіруші болып табылмаған жағдайда) – тауарды өндірушімен немесе тауарды сатып алуға арналған шарт, жүкқұжаттар, шот-фактуралар;

3) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес рұқсат немесе хабарлама;

4) экспортқа рұқсат беру құжаттарын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылдың 8 шілдесінен 257 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 9665 болып тіркелген) бекітілген тауардың шығарылуын растайтын құжаттар тізбесінің (бұдан әрі – Тізбе) 1-2-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21) и 22) тармақшаларына сәйкес тауардың Қазақстан Республикасында толық өндірілгенін растайтын құжаттар (егер тауар Қазақстан Республикасында толық өндірілген жағдайда);

5) тауарды жеткілікті қайта өңдеу өлшемін анықтауға арналған құжаттар:

шикізатты жеткізуге арналған шарттар және (немесе) шот-фактуралар және (немесе) тауарды өндіруде пайдаланылатын шикізаттың және (немесе) құрауыштардың құнын растауға арналған жүкқұжаттар (осы Қағидалардың 5-тармағының 11) тармақшасында көрсетілген тауарларды қоспағанда Қазақстан Республикасында толық өндірілген тауарлар үшін ұсынылмайды);

технологиялық операциялардың сипаттамасы бар құжаттама;

мәлімделген тауарды өндіруге арналған жабдықтардың тізбесі (осы Қағидалардың 5-тармағының 11) тармақшасында көрсетілген тауарларды қоспағанда, Қазақстан Республикасында толық өндірілген тауарлар үшін, егер технологиялық операцияларда көзделген жағдайда ұсынылады);

өндірістік үй-жайға құжаттар (осы Қағидалардың 5-тармағының 11) тармақшасында көрсетілген тауарларды қоспағанда, Қазақстан Республикасында толық өндірілген тауарлар үшін, егер технологиялық операцияларда көзделген жағдайда ұсынылады);

лауазымдары және (немесе) кәсіптері көрсетілген қызметкерлердің тізімі;

тауар өндірілген нормативтік техникалық құжаттардың тізбесі (осы Қағидалардың 5-тармағының 11) тармақшасында көрсетілген тауарларды қоспағанда, Қазақстан Республикасында толық өндірілген тауарлар үшін ұсынылмайды);

пайдаланылатын шикізаттың немесе шетелде шығарылған компоненттің құнын ескере отырып, "франко-зауыт" бағасы шарттарында дайын өнімнің құнын есептеу (осы Қағидалардың 5-тармағының 11) тармақшасында көрсетілгендерді қоспағанда, Қазақстан Республикасында толық өндірілген тауарлар үшін ұсынылмайды);

б) экспортқа рұқсат беру құжаттарын қоспағанда, ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификат (бұдан әрі – "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат) және (немесе) шикізаттың, материалдардың және (немесе) құрауыштардың шығу тегін растайтын Тізбенің 1-2-тармағының 2), 3) 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21) және 22) тармақшаларда көрсетілген құжаттары қоса беріледі.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар болмаған кезде шикізат, материалдар және (немесе) компоненттер шетелде шығарылған болып есептеледі.

7) қойманың мекенжайы көрсетілген қоймадағы тауардың бар-жоғы және саны туралы қойма анықтамасы немесе сериялы өндірілген тауарды шығарудың жоспарланған жылдық көлемі туралы анықтама;

8) өтініш берушінің мүдделерін білдіруге арналған сенімхат (егер өтінішті басшы бермеген болса);

9) өсімдік шаруашылығы өнімі үшін: Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігінің жергілікті атқарушы органының көрсетілген аумақта мәлімделген өнімді өсіру туралы растау анықтамасы;

10) өткен тоқсандағы жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша өткен тоқсандағы жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация (200.00-нысан және оған қосымша (200.01-дан 200.05-ке дейін нысандар), немесе алдыңғы жартыжылдық үшін шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін оңайлатылған декларация (910.00-нысан), немесе бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларация (920.00-нысан) және (немесе) еңбек шарттары (осы Қағидалардың 24-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацында көзделген жағдайда), жеке тұлғалардың соңғы үш айдағы қызметкерлердің табыстарынан міндетті төлемдердің бірін төлеу туралы құжаттар (осы Қағидалардың 24-тармағы 2) тармақшасының үшінші абзацында көзделген жағдайларда).

Осы тармақшаның талаптары кәсіпкерлік субъектісінің санаты туралы анықтама ұсынған ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін қолданылмайды.

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін тауардың тұрған жеріне шығу кезінде оның өндірісін қарау кезінде таныстыруға конструкторлық құжаттама немесе техникалық құжаттама (медициналық бұйымдар үшін) немесе рецептура немесе құрам (тамақ немесе химиялық өнімді өндіру және (немесе) дайындау үшін) ұсынылады. Осы абзацтың талабы "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-тарауына және "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын немесе қорғалатын құпияға жататын құжаттамаға, сондай-ақ осы Қағидалардың 5-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 12) тармақшаларында көрсетілген толық Қазақстанда шығарылған тауарларға қолданылмайды.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Уәкілетті ұйым тауардың шығу тегі туралы сертификатты кейіннен, яғни (ретроспективті түрде), егер тауардың шығарылуы туралы сертификат осы тауар еркін қоймадан немесе арнайы экономикалық аймақтардан Қазақстан Республикасының қалған аумағына экспортталған немесе өткізілген кезде берілмеген жағдайда және өтініш берушінің тиісті өтінішіндегі мәліметтер осы Қағидалардың 25 немесе 35-тармақтарында көзделген құжаттардағы мәліметтерге сәйкес келетіндігін тексергеннен және тауардың нақты тиелгенін растағаннан кейін ғана, Тізбенің 6-тармағына сәйкес береді.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2022 жылғы 1 тамыздағы № 314-НҚ. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 тамызда № 28994 болып тіркелді.) Қабылданған халықаралық міндеттемелер шеңберінде өңдеуші өнеркәсіптің отандық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтерді сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын, өңдеуші өнеркәсіптің отандық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің, сондай-ақ оларды сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша шығындары ішінара өтелетін ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтердің тізбесінде көзделген ерекше жағдайларда, бір келісімшарт шеңберінде жекелеген партиялармен жөнелтілген тауарларға ретроспективті түрде "Түпнұсқа" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы бір сертификат беруге жол беріледі. Бұл ретте, "Қызметтік белгілер үшін" деген 4-бағанда "Сертификат Қазақстан Республикасының аумағында қолдану үшін берілді" деген белгі енгізіледі."

2-қосымшада:

"

30-топтан	Олар үшін пайданылатын қағидалар 3002, 3002 12 000, 3002 15 000 0, 3002 20 000, 3003, 3004, 3005 және 3006 60 позицияларынағы тауарлардан басқа фармацевтикалық өнім бұдан әрі жазылады	Дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктеледі. Алайда, өнімдікіндей позицияның материалдары олардың құны түпкілікті өнім бағасының 70%-ынан аспауы шартымен пайдаланылады.
-----------	---	---

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

30-топ	Позиция тауарларынан басқа фармацевтикалық өнімдер 3002, 3002 12 000, 15 000 0, 3002 41 000 0, 3003, 3004, 3005 және 3006 60 000, олар үшін бұдан әрі баяндаудың қолданылатын ережелері	Дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктеледі. Алайда, өнімдікіндей позицияның материалдары олардың құны түпкілікті өнім бағасының 70%-ынан аспауы шартымен пайдаланылады.
--------	---	---

".

,

"

		Кез келген позициялардың материалдарынан, оның ішінде 3002 позицияның материалдарынан дайындау. Алайда, 3002 позицияның материалдары олардың құны
--	--	---

3002 150000

Бөлшек сауда үшін мөлшерленген дәрілік нысандар түрінде немесе нысандарға немесе буып-түюге өлшеп оралған иммунологиялық өнімдер

түпкілікті өнім бағасының 80% - ынан аспауы шартымен, сондай-ақ технологиялық операцияларды орындау шартымен ғана пайдаланылады: жасуша штаммының бөлінуі және (немесе) жасуша штаммының генотиптелуі және фенотиптелуі, және (немесе) жасушалардың бастапқы банкін құру және қолдау, және (немесе) жасушалардың жұмыс банкін құру және ұстап тұру және (немесе) жартылай өнімді вирустық инактивациялау және (немесе) вирустық тазарту және (немесе) жартылай өнімді алу және (немесе) жартылай өнімді стерилдеу және (немесе) шикізат пен материалдарды ыдысқа салу, өлшеу және (немесе) кіріс бақылау, және (немесе) инъекцияға арналған тазартылған суды және (немесе) суды алу және (немесе) құтыларды сыртқы және ішкі жуу, құтыларды кептіру және стерилдеу/депирогенизациялау, және (немесе) құтыларды толтыру және (немесе) құтыларды тығындау, жартылай өнімі бар құтыларды стерилдеу, өндірістік процестердің валидациясы, талдамалық әдістемелердің валидациясы, жабдықтың біліктілігі, инженерлік жүйелердің біліктілігі, ішкі өндірістік бақылау, тұрақтылықты сынау, және (немесе) флакондарды бақылау) және (немесе) жинақтау, дайын препараты бар құтылардың герметикалығын тексеру, және (немесе) дайын өнімнің сапасын бақылау, және (немесе) бастапқы және (немесе) қайталама ораманы таңбалау, және (немесе) құтыларды пішінді ұяшықты қаптамаға буып-түю, бумаларға буып-түю, картоннан жасалған қорапқа топтап буып-түю және (немесе) сатуға серия шығару.

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Келесі шарттардың бірін орындау:

1. Кез келген позицияларды, оның ішінде 3002 позиция материалдарын материалдан дайындау.

Алайда, 3002 позициясының материалдары олардың құны түпкілікті өнім бағасының 80%- % аспаған жағдайда, сондай-ақ технологиялық операциялар орындалған жағдайда ғана пайдаланылады:

- жасуша штаммының бөлінуі және (немесе) жасуша штаммының генотиптелуі және фенотиптелуі, және (немесе) жасушалардың бастапқы банкін құру және қолдау, және (немесе) жасушалардың жұмыс банкін құру және ұстап тұру және (немесе) жартылай өнімді вирустық инактивациялау және (немесе) вирустық тазарту және (немесе) жартылай өнімді алу және (немесе) жартылай өнімді стерилдеу;

- ыдысқа салу;

- шикізат пен материалдарды өлшеу және (немесе) кіріс бақылау, және (немесе) тазартылған суды және (немесе) инъекцияға арналған суды алу, және (немесе) құтыларды сыртқы және ішкі жуу, және (немесе) құтыларды кептіру және (немесе) зарарсыздандыру/

- депирогенизациялау, және (немесе) құтыларды толтыру, және (немесе) құтыларды тығындау және (немесе) жартылай өнімі бар құтыларды зарарсыздандыру;

- өндірістік процестердің валидациясы;

- талдамалық әдістемелердің валидациясы;

- жабдықтың біліктілігі;

- инженерлік жүйелердің біліктілігі;

- өндірісшілік бақылау және (немесе) тұрақтылықты сынау және (немесе) препарат ерітіндісі бар құтыларды/шприцтерді бақылау және (немесе) жиынтықтау және (немесе) дайын препараты бар құтылардың герметикалығын тексеру;

3002 150000

Дозаланған дәрілік нысандар түрінде немесе бөлшек саудада сатуға арналған нысандарға немесе қаптамаларға оралған иммунологиялық өнімдер

- бастапқы және (немесе) қайталама қаптаманы таңбалау және (немесе) құтыларды/шприцтерді контурлық бумаларға қаптамаға орау және (немесе) қаптамаға орау және (немесе) дайын өнімнің сапасын бақылау;

- картон қорапқа топтап буып-түю ;

- өнім сериясын шығару.

2. Келісімшарттық өндіріске тапсырыс берушілермен бірегей патенттелген дәрілік заттарды жеткізудің ұзақ мерзімді шарттары шеңберінде өндірілген дәрілік заттар үшін:

– Қазақстан Республикасының " Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 7-бабының 15-1) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде, бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнаулы емдік өнімдерді, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларына (бұдан әрі-дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және мамандандырылған емдік өнімдерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидалары) сәйкес жасалған келісімшарттық өндірістің тапсырыс берушілерімен бірегей патенттелген дәрілік заттарды жеткізудің ұзақ мерзімді шартының болуы;

- кез келген позиция материалдарынан, оның ішінде 3002 позиция материалдарынан дайындау.

Алайда, 3002 позициясының материалдары тауардың осы түрін дайындау басталған күннен бастап бірінші жылдан бастап бір немесе бірнеше технологиялық операциялар орындалған жағдайда ғана қолданылады:

- ыдысқа салу;
- шикізат пен материалдарды өлшеу және (немесе) кіріс бақылау;
- өндірістік процестердің валидациясы және (немесе) талдамалық әдістемелердің валидациясы;
- жабдықтың біліктілігі;
- инженерлік жүйелердің біліктілігі;
- дайын препараты бар флакондар / шприцтерді ішкі өндірістік бақылау және (немесе) жинақтау және (немесе) бақылау;
- қайталама қаптаманы таңбалау және (немесе) қаптамаға орау;
- картон қорапқа топтап буып-түю және (немесе) өнім сериясын шығару.

Бесінші жылдан бастап келесі технологиялық операцияларды орындау шартымен:

- ыдысқа салу;
- шикізат пен материалдарды өлшеу және (немесе) кіріс бақылау, және (немесе) тазартылған суды және (немесе) инъекцияға арналған суды алу, және (немесе) құтыларды сыртқы және ішкі жуу, және (немесе) құтыларды кептіру және (немесе) зарарсыздандыру/ депирогенизациялау, және (немесе) құтыларды толтыру, және (немесе) құтыларды тығындау және (немесе) жартылай өнімі бар құтыларды зарарсыздандыру;
- өндірістік процестердің валидациясы;
- талдамалық әдістемелердің валидациясы;
- жабдықтың біліктілігі;
- инженерлік жүйелердің біліктілігі;

		<p>- өндірісішілік бақылау және (немесе) тұрақтылықты сынау және (немесе) препарат ерітіндісі бар құтыларды/шприцтерді бақылау және (немесе) жиынтықтау және (немесе) дайын препараты бар құтылардың герметикалығын тексеру;</p> <p>- бастапқы және (немесе) қайталама қаптаманы таңбалау және (немесе) құтыларды/шприцтерді контурлық ұяшықты бумаларға орау және (немесе) бумаларға орау және (немесе) дайын өнімнің сапасын бақылау;</p> <p>- картон қорапқа топтап буып-түю ;</p> <p>- өнім сериясын шығару.</p>
--	--	--

"
,
"

3002	<p>Терапевтік, профилактикалық немесе диагностикалық мақсаттарда пайдалану үшін дайындалған адам қаны; жануарлар қаны; иммундық сарысуы және қанның басқаөлшемдері түрлендірілген иммунологиялық өнімдер, оның ішінде биотехнология әдістерімен алынған өнімдер; вакциналар, токсиндер, микроағзалардың себінділері (ашытқылардан басқа) және ұқсас өнімдер</p>	<p>Кез келген позициялардың материалдардан, оның ішінде 3002 позициясындағы басқа да материалдарынан дайындау. Алайда, 3002 позициясындағы материалдар олардың құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауы шартымен ғана пайдаланылады</p>
------	---	---

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

		<p>Келесі шарттардың бірін орындау:</p> <p>1. Кез келген позицияларды, оның ішінде 3002 позиция материалдарын материалдан дайындау.</p> <p>Алайда, 3002 позициясының материалдары олардың құны түпкілікті өнім бағасының 80%-аспаған жағдайда, сондай-ақ технологиялық операциялар орындалған жағдайда ғана пайдаланылады:</p> <p>- плазмадан қан препараттарын өндіру кезінде: донор скринингі және (немесе) плазманы біріктіру</p>
--	--	--

және (немесе) біріктірілген қан плазмасын вирустық тазарту және (немесе) және (немесе) біріктірілген қан плазмасын фракциялау, және (немесе) жартылай өнімді алу және (немесе) жартылай өнімді стерильдеу (пастерлеу) жүргізу;

- ыдысқа салу;

- шикізат пен материалдарды өлшеу және (немесе) кіріс бақылау, және (немесе) тазартылған суды және (немесе) инъекцияға арналған суды алу, және (немесе) құтыларды сыртқы және ішкі жуу, және (немесе) құтыларды кептіру және (немесе) зарарсыздандыру/

депирогенизациялау, және (немесе) құтыларды толтыру, және (немесе) құтыларды тығындау және (немесе) жартылай өнімі бар құтыларды зарарсыздандыру;

- өндірістік процестердің валидациясы;

- талдамалық әдістемелердің валидациясы;

- жабдықтың біліктілігі;

- инженерлік жүйелердің біліктілігі;

- өндірісішілік бақылау және (немесе) тұрақтылықты сынау және (немесе) препарат ерітіндісі бар құтыларды/шприцтерді бақылау және (немесе) жиынтықтау және (немесе) дайын препараты бар құтылардың герметикалығын тексеру;

- бастапқы және (немесе) қайталама қаптаманы таңбалау және (немесе) құтыларды/шприцтерді контурлық ұяшықты бумаларға орау және (немесе) қаптамаға орау және (немесе) дайын өнімнің сапасын бақылау;

- картон қорапқа топтап буып-түю ;

- өнім сериясын шығару.

2. Келісімшарттық өндіріске тапсырыс берушілермен бірегей патенттелген дәрілік заттарды

3002 12 00 0

Иммундық сарысулар және өзге де қан фракциялары

жеткізудің ұзақ мерзімді шарттары шеңберінде өндірілген дәрілік заттар үшін:

дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және мамандандырылған емдік өнімдерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидларға сәкес жасалған келісімшарттық өндірістің тапсырыс берушілерімен бірегей патенттелген дәрілік заттарды жеткізудің ұзақ мерзімді шартының болуы:

- кез келген позиция материалдарынан, оның ішінде 3002 позиция материалдарынан дайындау.

Алайда, 3002 позициясының материалдары тауардың осы түрін дайындау басталған күннен бастап бірінші жылдан бастап бір немесе бірнеше технологиялық операциялар орындалған жағдайда ғана қолданылады:

- ыдысқа салу;
- шикізат пен материалдарды өлшеу және (немесе) кіріс бақылау;
- өндірістік процестердің валидациясы және (немесе) талдамалық әдістемелердің валидациясы;
- жабдықтың біліктілігі;
- инженерлік жүйелердің біліктілігі;
- өндірісішілік бақылау және (немесе) дайын препараты бар құтылардың/шприцтердің герметикалығын тексеру және (немесе) дайын өнімнің сапасын бақылау және (немесе) қайталама қаптаманы таңбалау және (немесе) құтыларды контурлық ұяшықты бумаларға орау және (немесе) бумаларға буып-түю;
- картон қорапқа топтап буып-түю және (немесе) өнім сериясын шығару.

Бесінші жылдан бастап келесі технологиялық операцияларды орындау шартымен:

- ыдысқа салу;

	<ul style="list-style-type: none"> - шикізат пен материалдарды өлшеу және (немесе) кіріс бақылау, және (немесе) тазартылған суды және (немесе) инъекцияға арналған суды алу, және (немесе) құтыларды сыртқы және ішкі жуу, және (немесе) құтыларды кептіру және (немесе) зарарсыздандыру/ депирогенизациялау, және (немесе) құтыларды толтыру, және (немесе) құтыларды тығындау және (немесе) жартылай өнімі бар құтыларды зарарсыздандыру; - өндірістік процестердің валидациясы; - талдамалық әдістемелердің валидациясы; - жабдықтың біліктілігі; - инженерлік жүйелердің біліктілігі; - өндірісшілік бақылау және (немесе) тұрақтылықты сынау және (немесе) препарат ерітіндісі бар құтыларды/шприцтерді бақылау және (немесе) жиынтықтау және (немесе) дайын препараты бар құтылардың герметикалығын тексеру; - бастапқы және (немесе) қайталама қаптаманы таңбалау және (немесе) құтыларды/шприцтерді контурлық ұяшықты бумаларға орау және (немесе) қаптамаға орау және (немесе) дайын өнімнің сапасын бақылау; - картон қорапқа топтап буып-түю ; - өнім сериясын шығару.
--	--

"
,
"

	<p>Кез келген позициялардың материалдарынан, оның ішінде 3002 позицияның материалдарынан дайындау. Алайда, 3002 позицияның материалдары олардың құны түпкілікті өнім бағасының 80%-ынан аспауы шартымен, сондай-ақ технологиялық операцияларды орындау шартымен ғана пайдаланылады.</p>
--	---

3002 41 000 0

Адамдарға арналған вакциналар

вакциналарды, имундық-биологиялық препараттарды өндіру кезінде: жасуша штаммының бөлінуі және (немесе) жасуша штаммының генотиптелуі және фенотиптелуі және (немесе) жасушалардың бастапқы банкін құру және қолдау, және (немесе) жасушалардың жұмыс банкін құру және қолдау, және (немесе) жартылай өнімді вирустық инактивациялау және (немесе) вирустық тазарту, және (немесе) жартылай өнім алу, және (немесе) жартылай өнімді стерильдеу, және (немесе) ыдысқа салу, өлшеу, шикізат пен материалдарды кіріс бақылау, және (немесе) тазартылған суды және (немесе) инъекцияға арналған суды алу, және (немесе) құтыларды сыртқы және ішкі жуу, құтыларды кептіру және стерилдеу/депирогенизациялау, және (немесе) құтыларды толтыру, және (немесе) құтыларды тығындау, жартылай өнімі бар құтыларды стерильдеу, өндірістік процестердің валидациясы, талдамалық әдістемелердің валидациясы, жабдықтың біліктілігі, инженерлік жүйелердің біліктілігі, өндірісішілік бақылау, тұрақтылықты сынау, және (немесе) препараттың ерітіндісі бар флакондарды бақылау), және (немесе) жинақтау, дайын препараты бар құтылардың герметикалығын тексеру, және (немесе) дайын өнімнің сапасын бақылау, және (немесе) бастапқы және (немесе) қайталама ораманы таңбалау, және (немесе) құтыларды пішінді ұяшықты қаптамаға буып-түю, бумаларға буып-түю, картоннан жасалған қорапқа топтап буып-түю және (немесе) сатуға серия шығару.

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Келесі шарттардың бірін орындау:

1. Кез келген позицияларды, оның ішінде 3002 позиция материалдарын материалдан дайындау.

Алайда, 3002 позициясының материалдары олардың құны түпкілікті өнім бағасының 80%-аспаған жағдайда, сондай-ақ технологиялық операциялар орындалған жағдайда ғана пайдаланылады:

- жасуша штаммының бөлінуі және (немесе) жасуша штаммының генотиптелуі және фенотиптелуі және (немесе) жасушалардың бастапқы банкін құру және қолдау, және (немесе) жасушалардың жұмыс банкін құру және қолдау, және (немесе) жартылай өнімді вирустық инактивациялау және (немесе) вирустық тазарту, және (немесе) жартылай өнім алу, және (немесе) жартылай өнімді стерильдеу;

- ыдысқа салу;

- шикізат пен материалдарды өлшеу және (немесе) кіріс бақылау, және (немесе) тазартылған суды және (немесе) инъекцияға арналған суды алу, және (немесе) құтыларды сыртқы және ішкі жуу, және (немесе) құтыларды кептіру және (немесе) зарарсыздандыру/

- депирогенизациялау, және (немесе) құтыларды толтыру, және (немесе) құтыларды тығындау және (немесе) жартылай өнімі бар құтыларды зарарсыздандыру;

- өндірістік процестердің валидациясы;

- талдамалық әдістемелердің валидациясы;

- жабдықтың біліктілігі;

- инженерлік жүйелердің біліктілігі;

- өндірісшілік бақылау және (немесе) тұрақтылықты сынау және (немесе) препарат ерітіндісі бар құтыларды/шприцтерді бақылау және (немесе)

3002 41 0000

Адамдарға арналған вакциналар

жиынтықтау және (немесе) дайын препараты бар құтылардың герметикалығын тексеру;

- бастапқы және (немесе) қайталама қаптаманы таңбалау және (немесе) құтыларды/шприцтерді контурлық ұяшықты бумаларға орау және (немесе) қаптамаға орау және (немесе) дайын өнімнің сапасын бақылау;
- картон қорапқа топтап буып-түю ;
- өнім сериясын шығару.

2. Келісімшарттық өндіріске тапсырыс берушілермен бірегей патенттелген дәрілік заттарды жеткізудің ұзақ мерзімді шарттары шеңберінде өндірілген дәрілік заттар үшін:

дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және мамандандырылған емдік өнімдерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидларға сәкес жасалған келісімшарттық өндірістің тапсырыс берушілерімен бірегей патенттелген дәрілік заттарды жеткізудің ұзақ мерзімді шартының болуы:

- кез келген позиция материалдарынан, оның ішінде 3002 позиция материалдарынан дайындау.

Алайда, 3002 позициясының материалдары тауардың осы түрін дайындау басталған күннен бастап бірінші жылдан бастап бір немесе қанша технологиялық операциялар орындалған жағдайда ғана қолданылады:

- ыдысқа салу;
- шикізат пен материалдарды өлшеу және (немесе) кіріс бақылау;
- өндірістік процестердің валидациясы және (немесе) талдамалық әдістемелердің валидациясы;
- жабдықтың біліктілігі;
- инженерлік жүйелердің біліктілігі;

- өндірісішілік бақылау және (немесе) дайын препараты бар ұтылардың/шприцтердің герметикалығын тексеру және (немесе) дайын өнімнің сапасын бақылау және (немесе) қайталама қаптаманы таңбалау және (немесе) құтыларды контурлық ұяшықты бумаларға орау және (немесе) бумаларға буып-түю;

- картон қорапқа топтап буып-түю және (немесе) өнім сериясын шығару.

Бесінші жылдан бастап келесі технологиялық операцияларды орындау шартымен:

- ыдысқа салу;

- шикізат пен материалдарды өлшеу және (немесе) кіріс бақылау, және (немесе) тазартылған суды және (немесе) инъекцияға арналған суды алу, және (немесе) құтыларды сыртқы және ішкі жуу, және (немесе) құтыларды кептіру және (немесе) зарарсыздандыру/

депирогенизациялау, және (немесе) құтыларды толтыру, және (немесе) құтыларды тығындау және (немесе) жартылай өнімі бар құтыларды зарарсыздандыру;

- өндірістік процестердің валидациясы және (немесе) талдамалық әдістемелердің валидациясы;

- жабдықтың біліктілігі;

- инженерлік жүйелердің біліктілігі;

- өндірісішілік бақылау және (немесе) тұрақтылықты сынау және (немесе) препарат ерітіндісі бар құтыларды/шприцтерді бақылау және (немесе) жиынтықтау және (немесе) дайын препараты бар құтылардың герметикалығын тексеру;

- бастапқы және қайталама қаптаманы таңбалау;

- флакондарды / шприцтерді контурлық ұяшықты бумаларға орау;

	- картон қорапқа топтап буып-түю ; - өнім сериясын шығару.
--	---

"-
,
"

	<p>Дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктеледі. Алайда, өнім де сол позициядағы материалдар да олардың құны түпкілікті өнім бағасының 70%-ынан аспауы кезінде, сондай-ақ технологиялық операцияларды орындау кезінде пайдаланылады:</p> <p>ампулалардағы (құтылардағы) инъекцияға арналған ерітінділерді өндіру кезінде: ыдысқа салу, өлшеу, және (немесе) кіріс бақылау және (немесе) тазартылған суды және (немесе) инъекцияға арналған суды алу және (немесе) ерітіндіні дайындау, ампулаларды кесу, ампулаларды (құтыларды) сыртқы және ішкі жуу , ампулаларды (құтыларды) кептіру және зарарсыздандыру/ депирогенизациялау, және (немесе) ампулаларды (құтыларды) толтыру және (немесе) ампулаларды (құтыларды) және (немесе) (тығындау), ерітіндісі бар ампулаларды (құтыларды) зарарсыздандыру, өндірістік процестерді валидациялау, талдамалық әдістемелердің валидациясы, жабдықтың біліктілігі, инженерлік жүйелердің біліктілігі, өндірісішілік бақылау, тұрақтылығын сынау және (немесе) препарат ерітіндісі бар ампулаларды (құтыларды) бақылау, ерітіндісі бар ампулаларды (құтыларды) герметикалығына тексеру және (немесе) дайын өнімнің сапасын бақылау және (немесе) буып-түюді бастапқы және (немесе) қайта таңбалау және (немесе) ампулаларды (құтыларды) пішінді ұяшықты қаптамаға орау және (немесе) бумаларға буып-түю, картоннан жасалған</p>
--	---

қораптарға топтық орау және (немесе) серияны іске асыруға шығару;

таблеткаларды дымқыл түйіршіктеу әдісімен өндіру кезінде: шикізатты және материалдарды ыдысқа салу, кіріс бақылау және (немесе) ұсақтау және елеу, және (немесе) өлшеу, және (немесе) ылғалдандырғышты дайындау, және (немесе) араластыру, және (немесе) дымқыл түйіршіктеу және (немесе)) таблеткалауға арналған массаны кептіру, және (немесе) құрғақ түйіршіктеу, және (немесе) опалау, , таблеткалау, шаңсыздандыру, және (немесе) қабықша жағу, өндірістік процестерді валидациялау, талдамалық әдістемелерді валидациялау, жабдықтардың біліктілігі, инженерлік жүйелерді валидациялау, ішкі өндірістік бақылау, тұрақтылықты сынау, дайын өнімнің сапасын бақылау, және (немесе) блистерге (құтыларға, банкаларға) алғашқы буып-түю, және (немесе) қораптарға екінші рет буып-түю, картоннан жасалған қорапқа топтық буып-түю, және (немесе) серияны іске асыруға шығару;

таблеткаларды жалған сұйылтылған қабатта өндіру кезінде: булау, шикізат пен материалдарды кіріс бақылау және (немесе) ұсақтау және себу, өлшеу және (немесе) ылғалдандырғышты дайындау және (немесе) таблеткалауға арналған массаны дайындау және (немесе) кептіру, түйіршіктеу және (немесе) құрғақ түйіршіктеу және (немесе) тозаңдандыру және (немесе) таблеткалау және (немесе)) шаңсыздандыру, өндірістік процестерді валидациялау, талдамалық әдістемелерді валидациялау, жабдықтардың біліктілігі, инженерлік жүйелерді валидациялау, ішкі өндірістік бақылау, тұрақтылықты сынау, дайын өнімнің сапасын бақылау,

және (немесе) блистерге (құтыларға, банкаларға) алғашқы буып-түю, және (немесе) қорапқа екінші рет буып-түю, қорапқа топтық буып-түю, және (немесе) серияны іске асыруға шығару; таблеткаларды тікелей престеу әдісімен өндіру кезінде: шикізатты және материалдарды ыдысқа салу, кіріс бақылау және (немесе) ұсақтау және себу, өлшеу және (немесе) араластыру және (немесе) таблеткалау және (немесе) шаңсыздандыру, қабықша жағу, өндірістік процестерді валидациялау, талдамалық әдістемелер валидациясы, жабдықтардың біліктілігі, инженерлік жүйелерді валидациялау, өндіріс ішіндегі бақылау, тұрақтылықты сынау, дайын өнімнің сапасын бақылау, және (немесе) блистерге (құтыларға, банкаларға) алғашқы буып-түю, және (немесе) қораптарға екінші рет буып-түю, картоннан жасалған қорапқа топтық буып-түю, және (немесе) серияны іске асыруға шығару; таблеткаларға үлдірлі жабындарды жағу өндірісі кезінде : шикізатты және материалдарды ыдысқа салу, кіріс бақылау және (немесе) ұсақтау және себу, өлшеу және (немесе) ылғалдандырғышты дайындау және (немесе) араластыру және (немесе) дымқыл түйіршіктеу және (немесе) таблеткалауға арналған массаны кептіру және (немесе) құрғақ түйіршіктеу және (немесе) опалау және (немесе) таблеткалау және (немесе) шаңсыздандыру және (немесе) жабын жағу, өндірістік процестерді валидациялау, талдамалық әдістемелерді валидациялау, жабдықтардың біліктілігі, инженерлік жүйелердің валидациясы, өндірісшілік бақылау, тұрақтылықты сынау, дайын өнімнің сапасын бақылау, және (немесе) блистерге (құтыларға, банкаларға) алғашқы буып-түю, және (немесе)

Терапевтік немесе профилактикалық мақсаттарында пайдалануға арналған, араласқан немесе араласпаған өнімдерден тұратын, дозаланған дәрілік нысандар түрінде өлшеніп оралған (трансдермальдық жүйелер нысанындағы дәрілік заттарды қоса алғанда) немесе бөлшек саудамен сатуға арналған дәрілік

заттар (3002, 3005 немесе 3006 тауар позициясындағы тауарлардан басқа)

